

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті төрағасының 1999 жылғы 23 сәуірдегі N 66 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

БҰЙРЫҚ Әділет Министрлігі тіркеу қызметі Комитеті 2000 жылғы 27 қаңтар N 16 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 18 ақпан өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп тіркелді. Тіркеу N 1062. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті төрағасының 2009 жылғы 15 маусымдағы N 105 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті төрағасының 2009.06.15 N 105 бұйрығымен.

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" Z952198_ Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі заң күші бар Жарлығына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті төрағасының 1999 жылғы 23 сәуірдегі N 66 V990768_ бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу е р е ж е с і н д е :

11-тармағының екінші абзацындағы "апта сайын" деген сөздер "Комитеттің бекіткен кестесі бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

16-тармағындағы "апта сайын" деген сөздер "Комитеттің бекіткен кестесі бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

24-тармағының үшінші абзацындағы "өзгерістер мен толықтырулар енгізу" деген сөздер "енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

25-тармағының екінші абзацындағы "өзгерістер мен толықтырулар енгізу" деген сөздер "енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу," деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 25-1-тармағымен толықтырылсын:

"25-1. Заңды тұлғаның тұрған жері бір облыстың (Астана және Алматы қалаларының) аумағы ішінде өзгерген жағдайда тіркеуші орган:

құрылтай құжаттарға енгізілген өзгерістерді тіркеу, қайта дайындалған мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік беру және бұрынғы куәліктің

күшін жою туралы бұйрық шығарады;

Регистрге, сонымен қатар электронды деректер банкісіне заңды тұлғаның тұрған жерінің өзгергені жөніндегі мәліметтерді енгізеді;

заңды тұлғаның жаңа тұрған жері, бұрынғы тіркеу нөмірі мен тіркелген күні көрсетілген мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік береді. Тіркеуші органның тиісті мөртаңбалары мен мөрі қойылғаннан кейін құрылтай құжаттың түпнұсқасы өкілетті тұлғаға беріледі;

бұрынғы куәліктің түпнұсқасы мен тапсырылған өзге де құжаттарды заңды тұлғаның тіркеу материалдарына тігеді;

10 күн ішінде статистика органдарын (6-қосымша), сонымен қатар реестрұстаушыны (мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалар бойынша) (3-қосымша) заңды тұлғаның тұрған жерінің өзгергені туралы хабардар етеді.";

28-тармақтағы "25" деген сан "25-1" деген санмен ауыстырылсын;

10-тарау мынадай мазмұнда жазылсын:

"10. Филиал мен өкілдікті есептен алудың тәртібі

34. Филиалды (өкілдікті) есептен алу үшін тіркеуші органға:

филиалды (өкілдікті) есептен алу туралы белгіленген үлгідегі арыз;

филиалды (өкілдікті) қысқарту туралы заңды тұлғаның өкілетті органының немесе соттың шешімі;

филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасы, филиалдың (өкілдіктің) ережесі және статистикалық карточкасы;

филиалдың (өкілдіктің) қызметінің тоқтатылғанын тіркеу үшін алымды төлеу туралы түбіртек (төлем тапсырмасының көшірмесі) тапсырылады.

35. Тіркеуші орган филиалды (өкілдікті) есептен алу туралы арызды алған күннен бастап 10 күннің ішінде:

тапсырылған құжаттардың толықтығы мен тағайындалғанының дұрыстығын тексереді;

кемшіліктер болмаған жағдайда филиалды (өкілдікті) есептен алу, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы куәліктің күшін жою және Реестр мен электронды деректер банкісіне филиалдың (өкілдіктің) қызметінің тоқтағаны жөнінде мәлімет енгізу туралы бұйрық шығарады;

Реестрге және электронды деректер банкісіне филиалдың (өкілдіктің) қызметінің тоқтағаны жөнінде мәлімет енгізеді;

10 күн ішінде статистика органдарын филиалдың (өкілдіктің) қызметінің тоқтағаны жөнінде хабардар етеді (7-қосымша).

Тіркеуші орган тапсырылған құжаттарда кемшіліктер болған жағдайда (құжаттар дұрыс тағайындалмаса, филиалды (өкілдікті) қысқарту туралы шешімді

өкілеттілігі жоқ жақ қабылдаса, осы Ереженің 34-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуі болмаса және т.б.) филиалды (өкілдікті) есептен алудан бас тарту туралы бұйрық шығарады.

Филиалды (өкілдікті) есептен алу үшін тапсырылған құжаттар тіркеуші органда сақталады."

2. Осы бұйрық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінің
Тіркеу қызметі комитетінің*

төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК